КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы

№1 педагогикалық кеңес шешімімен
"Бекітілді"
Бөбекжай- бақша директоры
____________ С.Ж.Жанекешова

**№2 «Күншуақ» ортаңғы тобының**
**«Сиқырлы әлем»**
**вариативтік компонент**
**ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**2020-2021 оқу жылы**

## Түсінік хат

Бұл вариативтік компонент тақырыбында балалардың тиісті жас ерекшеліктеріне байланысты құрылған. Апталық жүктемесі – 1 сағат. Бағдарламада психология ғылымында, соның ішінде балалар психологиясында кеңінен қолданылатын арт терапиялық әдістер қолданылады. Балалар дәстүрлі емес тәсілмен өздеріне таныс көркемдік материалдарды және қалдық материалдарды пайдалана отырып, туындылар жасап үйренеді. Балалардың саусақ бұлшықеттері, ұсақ моторикасы дамиды, зейіні тұрақтанады.

Көркемдеуге арналған материалдар, оның ішінде алақанмен, құлақ шұқуға арналған мақталы таяқшамен, саусақпен, таяқпен сурет салуда балалар өз ойларын, сезімдерін қағаз бетіне түсіруіне көмектеседі. Ал қалдық заттардан, мысалы пластикалық құтылар, киндер қалыптары, шоколад қораптары т.б. заттардан балалар мәнді, әдемі туындылар жасауды үйренеді. Балалардың эстетикалық сезімдері қалыптасып бейнелеу өнеріне деген құштарлықтары артады. Бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге ұмтылады. Балаларда бір-біріне деген достық қарым-қатынас, бір-біріне көмектесуге ынталы болуына тәрбиелейді.

Арттерапия алғашқы рет екінші дүниежүзілік соғыс уақытында Германиядан АҚШ-қа көшкен балалардың эмоционалды-тұлғалық мәселесін түзетуді байқауда қолданылды. «Арттерапия» терминін (тереңірек: өнер терапиясы) Адриан Хилл (1938) енгізді. Арттерапияның негізгі мақсаты тұлғаның дамуын өзіндік көріну және өзіндік танымды дамыту арқылы гармонизациялау. Арттерапиялық әрекеттің маңызды техникасы белсенді қиял техникасы болып табылады.

Ал баланың ұсақ моторикасының даму деңгейі – баланың мектепке дайындығының бір көрсеткіші болып табылады. Саусақ моторикасы жоғары деңгейде дамыған бала логикалық түрде ойлай біледі, оның байланыстыра сөйлеу тілі дамыған, есте сақтау қабілеті мен зейіні жоғары деңгейде қалыптасқан болып келеді. Ұсақ қимылдарды орындау арқылы баланың шыдамдылығы мен зейіні жаттығады, қиялы дамиды, ойы толығады. Баланың ұсақ моторикасын дамыту жұмысын ерте жастан бастаған дұрыс. Мектепке дейінгі ерте жастағы балаларды тәрбиелеу барысында қол жаттықтыру, қол буындарын, қол қимылын дамыту
бағытындағы жаттығулар мен тапсырмаларға көбірек назар аудару қажет. Біріншіден , бұл жұмыстар баланың инттеллектуальдық ойлау қабілетінің дамуына әсер етеді, екіншіден, оны жаза білу дағдыларына икемдейді.

**Вариативтік компоненттің мақсаттары :**

- Ерте жастағы балалардың жалпы интеллектуальды түрде және қолдың ұсақ моторикасын дамыту,
- Өнер терапиясы арқылы көркемдік – шығармашылық қабілетін барысында еркін ойлауына, еркін жұмыс жасай білуіне мүмкіндік беру.

**Білімділік:** Арт терапия әдістерін ажырату, атау оны практикада пайдалану. Умаждалған қағаз, тығын, істік, жіп т.б көркем материалдармен жұмыс істеу әдістеріне үйрету. Геометриялық пішіндер мен негізгі түстерді ажыратуға үйрету.

**Дамытушылық:** ұсақ қол моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін, байқампаздығын, ойлауын, білуге деген құштарлығын дамыту

**Тәрбиелік**: Бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу. Өз бетімен жұмыс істеу дағдысына, еңбектенуге тәрбиелеу.

**Бағдарлама келесі міндеттерді шешеді:**

- қолдың ептілігін дамытады;
- қолдың қозғалысын түзейді;
- зейінін тұрақтандырады;
- көріп қабылдау деңгейін дамытады;
- шығармашылық қабілетін дамытады.

**Күтілетін нәтиже:**

- Өнер терапиясы әдістерін практикада қолдануға, атауға, ажыратуға үйренеді.
- Дәстүрлі емес көркем материалдармен жұмыс істеу әдістерін меңгереді.
- Негізгі және қосымша түстер мен геометриялық пішіндерді ажыратады, ұсақ қол моторикасы, шығармашылығы, қиялы, байқампаздығы, ойлауы дамиды.

**Мерзімі:** Ортаңғы топта аптасына 1 рет, жылына 36 сағатқа, 1 жылға құрылған.

| Р/с | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар, көрнекіліктер |
|---|---|---|---|
| 1 | "Қызыл-сары жапырақтар" | Саусақпен сурет салу әдісімен таныстыру, дәстүрден тыс саусақпен сурет салуға үйрету. Негізгі түсініктерді бекіту сурет салуға деген қызығушылығын туғызу. | Күз мезгілі суреттері, ағаштың суреті бар ақ қағаз, сары қызыл гуашь, шүберек |
| 2 | "Жау, жау жаңбыр жау жаңбыр" | Саусақпен сурет салуды ары қарай жалғастыру. Саусақ бұлшық етін дамыту.Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу | Күлгін түсті А4 қағаз әр көлемдегі бұлт жапсырылған көк гуашь, шүберек |
| 3 | "Бұтақтағы жидектер" | Балаларды бұтақтағы жидектер композициясын құруға үйрету. Ұсақ моторикасын дамыту. Қоршаған ортаны аялай білуге тәрбиелеу. Салынған бұтақты жидектермен толықтыру (ұсақ қиындылар). | Дайын бұтақтардың суреті желім, шүберек |
| 4 | "Көңілді саңырау-құлақтар" | Қағаз бетіне бірдей ритмде толық нүктелерді салуды үйрету.Саңырауқұлақ қалпағын әдемі бояу қабілетін бекіту. Құлақ шұқуға арналған мақталы таяқша арқылы саңырауқұлақ бейнесін безендіру. Жұмыстарына шығармашылықпен қарауға баулу. | Қағаздан қиылған саңырауқұлақ пішіні, ақ гуашь, құлақ шұқуға арналған мақталы таяқша, шүберек |
| 5 | "Бау байлап үйренеміз" | Балаларға алдын ала картондардан дайындалған аяқ киімдер бейнелері таратылады да оларға бау өткізу тапсырылады. Балаларға бау байлауды үйрету, ұсақ қол моторикасын дамыту. | Картоннан жасалған аяқ киімдер, баулар |
| 6 | "Дәмді алма" | Балаларды алманың суретін далаппен салуға үйрету. Дәстүрден тыс әдіспен бейне жасауға қызығушылықтарын арттыру. Көзбен мөлшерлеуді, зейінді шоғырландыруды, аңғарымдылықты және қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. | Ақ қағаз, қызыл түсіті далап, шүберек |
| 7 | "Бұршақ жауды" | Таяқшамен ноқаттарды жиі, бір-біріне жақын орналастыру арқылы бұршақты салуға үйрету. Маусымдық құбылыстар туралы ұғымдарын бекіту, ықыласты болуға тәрбиелеу. | Таяқшалар, көгілдір түсті қағаз ақ гуашь, шүберек |
| 8 | "Күзгі ағаш" | Күздің түстері туралы ұғымдарын бекіту. Кепкен жапырақты бояп бастыруды, бастырма әдісі арқылы күзгі ағаштарды бейнелеуді үйрету. Шығармашылық ой-қиялдарын, қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту, ұқыптылыққа және бейнелеу өнеріне құмар болуға тәрбиелеу. | Ақ қағаз, қылқалам, акварель бояуы, шүберек |
| 9 | "Көңілді пойыз" | Бастырма әдісін қолданып бейне жасауды жалғастыру. Шырпы қорабы бастырмасы арқылы пойыз вагондарын бейнелету. Шығармашылық ой-қиялдарын дамыту. Бояу кепкенше тосуға дағдыландыру. Шырпы қорабын басу күшін игерту, эстетикалық | Ақ қағаз, гуашь, шүберек, шырпы қорабы. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | талғамды тәрбиелеу. | |
| 10 | "Бауырсақ" | Бауырсақтың бейнесін картоп бастырмасы арқылы бейнелету. Ертегі кейіпкерінің көңіл-күйін жеткізе білуді үйрету. Ыждағаттылыққа тәрбиелеу. | Ақ қағаз, картоп, бояу, шүберек. |
| 11 | "Ақша бұлттар" | Ақ мақтаны бұлттың пішінін келтіре отырып жапсыруды үйрету. Желіммен ұқыпты жұмыс жасауға машықтандыру | Мақта, үлгі, желім, шүберек |
| 12 | "Қоңыр күз" | Кепкен ағаш жапырақтарын жапсыру арқылы қоңыр күзді бейнелеу. Табиғи материалдармен жұмыс жасауға деген қызығушылықтарын дамыту. Желіммен ұқыпты жұмыс жасауға машықтандыру | Ақ қағаз, кепкен жапырақтар, желім |
| 13 | "Үйшік" | Ертегідегі үйшік бейнесін шырпымен безендіруге үйрету, бейнені ұсақ бөлшектермен толықтыру. Шығармашылық ой-қиялын дамыту. | Ақ қағаз, шырпылар, желім, шүберек |
| 14 | "Қошақан" | Қошақанның суретін, оның өзіндік ерешеліктерін бере отырып, мақтамен безендіру. Қошақанның дене құрылысы туралы ұғымды бекіту. Желіммен жұмыс жасау машығын дамыту.Ұқыптылыққа, бейнелеу үшін түрлі материал қолдануға  құмарлыққа тәрбиелеу. | Ақ қағаз, мақта, желім, шүберек |
| 15 | Қоян | Киндер ойыншығының босаған қалыбынан сылдырмақ ойыншық жасауды үйрету. Ішіне ұсақ тастарды салып, құлағы, мұрын, көздерін ермексаздан жасап, қалдық материалдардан туынды жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. | Киндер қалыбы, ұсақ тастар, ермексаз, шүберек |
| 16 | "Аққала" | Аққаланы қақпақтарды бастыру арқылы бейнелеуді үйрету. Көлемі үш түрлі қақпақтарға ақ бояуды жағып, оны кезекпен бастырып, аққаланы бейнелету. Бояумен ұқыпты жұмыс асауға машықтандыру. | Көгілдір фон, әр түрлі көлемді пластикалық бөтелке қақпақтары, ақ гуашь, шүберек |
| 17 | "Қыс" | Қыстың портретін шашырату әдісі арқылы салуды үйрету. Ақша бұлттар, ағаштар салынған көк фонға ақ бояуға малынған қылқаламды шашыратып, жауып тұрған қардың бейнесін көрсету. Шығармашылық ой-қиялды дамыту. Эстетикалық талғамға және қайталанбас сурет салуға тәрбиелеу. | Дайын фон, қылқалам, гуашь, су, шүберек. |
| 18 | "Шыршамызды безендірейік" | Шыршаны Жаңа жылдық ойыншықтармен безендіруді үйрету. Саусақпен сурет салуды жалғастыру. Ұқыптылыққа, ыждағаттылыққа тәрбиелеу. | Дайын шырша суреттері,  гуашь, шүберек. |
| 19 | "Аяз өрнектері" | Әйнекке қылқаламмен бояу арқылы аяз өрнектерін салуды үйрету. Екі жағынан бірінің ізімен екінші балаға салғызу арқылы достыққа тәрбиелеу. Қиялын, бейнелеу үшін әр түрлі құралдарды таңдап алып, тәжірибеде пайдалана білу икемін дамыту. Білуге құштарлыққа | Алдын ала шеттері дайындалған қауіпсіз, аяқтары бар әйнектер, қылқалам, ақ және көк гуашь, шүберек |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу. | |
| 20 | "Сәуленің алжапқышы" | Өрнектерді бұрыштарға, шет жақтарға және ортаға орналастыра отырып, шаршы пішінді заттарды безендіруді үйрету. Тік және ирек сызықтарды, нүктелерді таңбаларды салу икемін дамыту. Ұқыптылыққа және шығармашылықпен ойлау білуін тәрбиелеу. | Алжапқыш суреті, қылқалам, акварель, шүберек. |
| 21 | "Әдемі қолғап" | Қолғапты геометриялық пішіндермен өрнектеп безендіруді үйрету. Қиялдау қабілетін, өз бетінше жеке жұмыстануға ынталылығын дамыту. Эстетикалық талғамға, ыждағаттылыққа тәрбиелеу. | Қолғап суреті, әртүрлі геометриялық пішінде қиылған қиындылар, желім, шүберек |
| 22 | "Қуыршаққа бантик" | Кәмпит сыртының қағаздарын бүктеу арқылы бантик жасауды үйрету. Әсемдікті байқай  білуге, бір-біріне көмек көрсетуге ынталы болуға тәрбиелеу. | Қуыршақ бейнесі, кәмпит сыртындағы қағаздар, желім. |
| 23 | "Мультфильм кейіпкерлері" | Үрлеу әдісі арқылы сулы бояулардан мультфильм кейіпкерлерін бейнелеуді үйрету. Қимылдардың айқын болуын, ырғақты сезіну қабілетін, түстерді үйлестіре алу машығын дамыту. Көркем талғамға тәрбиелеу. | Ақ парақ, бояу, су, шырын түтікшесі, шүберек |
| 24 | "Ғарышта" | Таныс геометриялық  пішіндерді: сопақшаларды, шеңберлерді үйлестіре отырып, ермексаздан ғарыш бейнесін жасауды үйрету. Шығармашылықты, қолдың ұсақ қимылдарын дамыту. | Қорап қақпағы, ермексаз, қою көк түсті фон, шүберек |
| 25 | "Аминаның көйлегі" | Дайын пішіндерді безендіруді үйрету. Эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Құлақ шұқуға арналған мақталы таяқшамен дайын көйлек бейнесін безендіру. | Көйлек суреттері, құлақ шұқуға арналған мақталы таяқша, акварель, шүберек |
| 26 | "Гүл шоғы" | Гүл шоғын  қағаздан бүктеп құрастыруды үйрету. Әр баланың гүлінен бірнеше гүл жинақтап, гүл шоғын жасау. Жақындары мен айналасындағы адамдарға қуаныш сыйлауға құштар болуға тәрбиелеу. | Қызыл түсті қағаз, үлгі |
| 27 | "Күн" | Батыру әдісі бойынша күнді алақанмен, күн шуақтарын алақанның қырымен салуға үйрету.Негізгі түстерді бекіту. Көз мөлшерлеу, пропорцияларды сақтай білу, көргенді есте сақтау қабілетін дамыту. Бейнелеу өнеріне оң көзқарасқа тәрбиелеу. | Үлгі, ақ қағаз, сары бояу, шүберек. |
| 28 | "Желкенді қайық" | Құрама түрдегі зат, желкенді қайықты қалдық материалдардан құрауды үйрету. Пластикалық қалдықтарды (тарелке, қасық, шанышқы, қақпақ, т.б.) қиялдау арқылы жаңа туынды жасауға машықтандыру.  Жұмыстарына ынталы болуға тәрбиелеу. | Қалдық материалдар, желім, үлгі |
| 29 | "Аквариумдағы балықтар" | Балықтар, олардың тіршілігі туралы түсінік беру. Жетіспейтін бөліктерін жетістіре отырып, алақанмен балық бейнесін жасауға үйрету. Елестету қабілетін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, | Үлгі, көгілдір қағаз, қызыл, жасыл, сары бояулар, шүберек |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ынталы болуға тәрбиелеу. | |
| 30 | "Әдемі алаң" | Батыру әдісі бойынша гүлдерді алақанмен салуға үйрету, шөптерді өз бетімен салуға қызығушылығын туғызу, негізгі түстерді бекіту | Үлгі, әдемі суреттер, ақ қағаз, бояулар, шүберек |
| 31 | "Гүлдеген алма ағашы" | Дайын бейнені ұсақ ақ гүлдермен толықтыра отырып гүлдеген алма ағашын көрсете білуге үйрету, құлақ шұқуға арналған мақталы таяқшамен көмкерілген сурет салуды бекіту, гуашьпен жұмыс жасау машығын дамыту. Эстетикалық талғамға тәрбиелеу, шығармашылық ой-қиялды, қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. | Үлгі, суреттер, ақ қағаз, бояу, құлақ шұқуға арналған мақталы таяқша, шүберек |
| 32 | "Қанқыз" | Әдемі жәндіктердің суретін салуды үйрету. Ноқаттарды заттың жоғары жағынан бірдей етіп салу қабілетін бекіту. Пішін мен түсті сезінуін дамыту. Құлақ шұқуға арналған мақталы таяқшаның көмегімен ұқыпты етіп бейне жасауға тәрбиелеу | Үлгі, құлақ шұқуға арналған мақталы таяқша, бояу, шүберек |
| 33 | "Жайлау" | Балаларды дымқыл қағаз бетіне сурет салу техникасымен таныстыру. Гүлденіп тұрған жайлаудың әсемдігін бояуды сілтеп, жағу арқылы бере білуді үйрету. Шығармашылық ой-қиялды, эстетикалық талғамды дамыту. Туған өлкенің табиғатына ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | Үлгі, қылқалам, гуашь немесе акварель, шүберек |
| 34 | "Бақбақтар" | Гүлдің өзіне тән ерекшеліктерін бере отырып, бақ-бақтың бейнесін сары түсті қағаз сүлгіден жасауды үйрету. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін, зейін қою қабілетін дамыту. Қағаз сүлгімен жұмыс жасауға, өз құрдастарына көмек беруге ынталы болуға тәрбиелеу. | Сары түсті қағаз сүлгі (салфетка), желім, үлгі |
| 35 | "Моншақ" | Ермексаздан түрлі - түсті моншақтарды дөңгелетіп алып, оларды сымға тізуді үйрету. Эстетикалық талғамдарын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ыждағаттылыққа тәрбиелеу. | Үлгі, ермексаз, сым, шүберек |
| 36 | "Өз қалаулары бойынша туынды жасау" | Балаларға жыл бойы өздеріне таныс болған материалдарды ортаға қоя отырып, қалаған нәрселерінен жаңа бір нәрсе жасауларын өтіну.Сюжет жасауын қадағалау. Ыждағаттылыққа, эстетикалық талғамға тәрбиелеу. | Жұмыс жасауға арналған материалдар |

**Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Тақырыбы:** "Қызыл-сары жапырақтар"
**Мақсаты:** Саусақпен сурет салу әдісімен таныстыру, дәстүрден тыс саусақпен сурет салуға үйрету. Негізгі түсініктерді бекіту. Сурет салуға деген қызығушылығын туғызу.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Күз мезгілі суреттері, ағаштың суреті бар ақ қағаз, қызыл, сары гуашь, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | -Балалар, бүгін бізге Айсұлу деген қуыршақ қонаққа келіпті. Ол күзгі орманды аралап жапырақ жинап жүріп, қолындағы себетін бір жерге қойып кетіпті де, оны қайтадан таба алмай қалыпты. Сендер оның себетін көрді ме екен деп сұрау үшін келіпті. Естеріңе түсіріңдерші, себетті біз қайдан көрдік? (Егер балалар жауабын тауып айтпаса, педагог өзі айтады).<br>-Мынау ма?<br>Қуыршақ қуанып:<br>-Иә, осы, қандай жақсы болды, рақмет сендерге.<br>Қуыршақ:<br>-Балалар, мен сендеге сурет алып келдім. Жапырақтар түсіп жатқаны бейнеленген үлгі суретті көрсетеді. | Балалар тыңдайды. Жапырақтар жерге көп түсіп жатқанын, ағаштың басыда аз қалғанын айтады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Педагог баланың ойын дамыту үшін күз туралы бір шумақ өлең оқиды.<br>-Айсұлу сендердің жапырақ суретін қалай салатындарыңды көрейін дейді, біз оған түсіп жатқан жапырақтарды салып көрсетейік.<br>- Айсұлу, біз суретті саусақпен саламыз. Қажетті | Күз туралы өлеңді тыңдайды.<br><br>Балалар алдарындағы |

| | | |
|---|---|---|
| | материалдармен таныстырады. Бір саусақты бояуға қалай батыратынын көрсетеді.<br>-Қәне, ендеше қызыл немесе сары бояуға саусағымызды батырып аламыз да, былай із қалдыру арқылы жапырақтарды бейнелейміз. (Өзі үлгіге бірнеше жапырақтар салып көрсетеді).<br>Балалар жұмыстарын Айсұлу аралап көреді. Аяқталған жұмыстарды педагог жинап алып тақтаға іледі.<br>Айсұлу таңданып, балалардың жұмыстарына ризашылығын білдіріп, мадақтайды.<br>Ал қазір бәріміз бірігіп ойын ойнасақ қайтеді. «Балабақша бағында» музыка әуені ойналады. | ағаштар салынған қағазға түсіп келе жатқан жапырақтарды саусақпен салады.<br><br>«Балабақаша бағында» атты музыка әуенімен ойын ойнайды. Содан соң балалар түсіп жатқан жапырақтарды тамашалауға Айсұлуды серуенге шақырады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагог балалардың жасаған жұмыстарын мадақтайды | Балалар өздерінің салған суреттерін тамашалайды, достарының суретімен салыстырады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы қарапайым түсініктерді.
**Игереді:** саусақпен қағаз бетіне жапырақтардың суреті салуды.
**Меңгереді:** кеңістікті бағдарлауды.

**Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Тақырыбы:** "Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр"
**Мақсаты:** Саусақпен сурет салуды ары қарай жалғастыру. Саусақ бұлшық етін дамыту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Күз мезгілі суреттері, күлгін түсті А4 қағаз, ақ гуашь, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Педагог балалардың назарын өзіне аударып, жұмбақ айтып береді, оның шешімін табуды ұсынады.<br>Тырс-тырс тамады, | Балалар жұмбақтың шешуін табады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Тереземді қағады.<br>-Дұрыс.<br>-Бүгінгі  күн қандай? Ашық па? Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұр ма, жоқ па?<br>- Күн салқын, аспанды бұлт торлаған. Күн бұлттанса, жаңбыр жауады.<br>-Тақтадағы суретке қараңдаршы, бұл не? Түсі қандай?<br>-Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі?<br>-Кәне, тыңдап көрейік.<br>-Қалай тамып тұр екен?<br>Педагог үстел үстін саусақтарымен тысырлатып, жаңбыр дыбысын бейнелейді.<br>-Ой, жаңбыр қалай қатты құйып жауып кетті. Енді екі алақандарыңды тізелеріңе қойып, шапалақтап көріңдер.<br>Балалар педагогпен бірге аяқтарын тарсылдатып дыбыс шығарады, бұл жаттығулар балаларға жағымды көңіл күй сыйлайды.<br><u>Көркем сөз оқу.</u><br>Жауын-жауын жауады,<br>Бәрін суға малады.<br>Біз бояуды аламыз,<br>Тамшыларды саламыз. | -Жаңбыр<br><br>Ауа райы туралы білгендерін айтады.<br><br><br><br>-Бұлт.<br>-Түсі көк.<br>-Тырс-тырс.<br>Балалар тамшылар дыбысыын тыңдайды.<br>-Тырс-тырс тамып тұр.<br>Балалар да педагог әрекетін қайталап жасап көреді.<br>Балалар педагогтің айтқанын қайталайды. |
| **Ұйымдастыру шылық-ізденістік** | -Енді ақ майлы бояды пайдаланып қағазға жаңбыр тамшыларын түсіреміз. Бірақ біз саусақпен бейнелейтін боламыз. Қараңдар, бұлттан төмен қарай тамшылар түсіп келеді. Жұмыстарына басшылық жасап, аяқтаған жұмыстарын мадақтайды. Музыка әуенімен «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» деген қимылды ойын ұйымдастырады.  Балаларға үзік сызықтар немесе тамшыларды барлық қағаз  бетіне көбірек салу керектігі түсіндіріледі. | Ақ бояуға саусақтарын малып, сурет салуға кіріседі.<br><br><br><br><br><br>«Жаңбыр тамшыларын тосамыз» деген қимылды ойын ойнайды. Балалар қағаз бетіне жаңбыр |

| | | |
|---|---|---|
| | | тамшыларын көп етіп түсіреді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагог балалардың салған суреттерін мадақтайды.<br>Көрме ұйымдастырылады. | Балалар өздерінің еңбектері туралы әңгімелеп береді, достарының салған суреттерін тамашалайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** табиғат құбылыстары жайлы қарапайым түсініктерді.
**Игереді:** жаңбырдың жауу түрлері және оны қағаз бетіне түсіру ерекшеліктерін.
**Меңгереді:** қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын үзік сызықтар арқылы саусақпен салуды.

## Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы

**Тақырыбы:** "Бұтақтағы жидектер"
**Мақсаты:** Балаларды бұтақтағы жидектер композициясын құруға үйрету. Ұсақ моторикасын дамыту. Қоршаған ортаны аялай білуге тәрбиелеу. Салынған бұтақты жидектермен толықтыру (ұсақ қиындылар).
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Күз мезгілі суреттері, бұтақтың суреті бар қағаз, желім, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалар шаттық шеңберін құрып, қол ұстасып: «Қайырлы күн, бүгінгі күн шуақты да, нұрлы болсын», - деп, бір-біріне тілектер тілейді. | Балалар педагогпен бірге қосылып, қимылдарын қайталайды. |
| **Ұйымдастыру шылық-ізденістік** | Әңгіме жүргізу:<br>-Балалар, мына суретке қарайықшы, мына жеміс-жидектерді білеміз бе? (Балалардың назарын жеміс-жидектерге аудару).<br>- Күз - жомарт деп неліктен айтамыз. Өйткені бізге ол өзінің сыйын береді. Ол қандай сый?<br><br>Сергіту сәтін өткізу:<br>Әне, аюдың апаны, | Балалар білгендерін атайды.<br><br>- Жемістер, жидектер, көкөністер, астық, т.б.<br>Сергіту сәтін жасайды |

| | | |
|---|---|---|
| | Жатыр онда дәу аю.<br>Жайлап басып барайық,<br>Жемістер мен жидекті,<br>Білдіртпей біз алайық.<br>Ұйықтап жатқан аюды,<br>Оятып біз алмайық.<br>Ойын: «Танып ал, атын айт».<br>Шарты: себетте тұрған жемістерді атап айтады.<br>- Ендеше балалар, біз бүгін бұтақтағы жидектерді жапсырып үйренеміз.<br>Балаларға үлгі бойынша көрсету. Желіммен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын еске салу. | Балалар қызыға ойнайды<br><br>Балалар дайын қиындыларды бұтақ салынған суретке жапсырады |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде оқып-үйренгендерін пысықтайды. | Балалардың жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Күз сыйы жайлы қарапайым түсініктерді.
**Игереді:** Ұсақ қиындыларды дайын суретке жапсыруды.
**Меңгереді:** Желіммен ұқыпты жұмыс жасауды.

**Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Тақырыбы:** "Көңілді саңырау-құлақтар"
**Мақсаты:** Қағаз бетіне бірдей ритмде толық нүктелерді салуды үйрету.Саңырауқұлақ қалпағын әдемі бояу қабілетін бекіту. Құлақ шұқуға арналған мақталы таяқша арқылы саңырауқұлақ бейнесін безендіру. Жұмыстарына шығармашылықпен қарауға баулу.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** саңырауқұлақ бейнеленген үлгі сурет, саңырауқұлақ пішіні салынған қағаздар, гуашь, құлақ шұқуға арналған мақталы таяқша, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалармен сәлемдесіп, шаттық шеңберін жасайды.<br>-Топ, топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық,<br>Жаса, жаса, алтын күн,<br>Жаса, жаса, жарқын күн.<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз айларын атайық.<br>- Күзде не жауады?<br>- Қазір далада ауа райы қандай? | Балалар шеңбер болып тұрып, өлең жолдарын айтып, амандасады.<br>- күз мезгілі<br>- қыркүйек, қазан, қараша<br>- жаңбыр жауады<br>- аспанда күн шығып тұр, жылы. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | - Балалар, қарандаршы, менің қолымдағы не?<br>- Дұрыс,саңырауқұлақ. Мен сіздерге әдемі саңырауқұлақтар алып келдім! Сіздер,білесіздер ме, бұл аңырауқұлақты жеуге болмайды екен. Ендеше, біздер бұл саңырауқұлақты бейнелеп көрейік.<br>- Енді қолымызға алдымызда жатқан мақта таяқшаларын алайық. Мына саңырауқұлақтың қалпағын қызыл ноқаттармен бояймыз<br>/ көрсетеді/<br>**Сергіту сәті:**<br>Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ,<br>Басында қалпағы бар.<br>Ормандағы жәндіктерге,<br>Жауын жауса пана болар.<br>- Ой жарайсыңдар, балалар! Енді мына саңырауқұлағымыз кепсін. | - саңырауқұлақ<br>Балалар үлгі бойынша қайталайды<br>Балалар сергіту сәтін жасайды |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | -Қандай керемет етіп боядыңдар!Енді суреттерімізді алып бір-бірімізге көрсетейік.<br><br>Балалардың салған суреттерін | Балалар суреттерін қолдарына ұстап бір-бірінің суретін мақтайды/ |

| | | |
|---|---|---|
| | мадақтайды.<br>Көрме ұйымдастырылады. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** саңырауқұлақ туралы қарапайым түсініктерді.
**Игереді:** саңырауқұлақтың ерекшеліктерін.
**Меңгереді:** қағаз бетіне мақта таяқшасы арқылы саңырауқұлақты салуды.

**Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Тақырыбы:** "Бау байлап үйренеміз"
**Мақсаты:** Балаларға алдын ала картондардан дайындалған аяқ киімдер бейнелері таратылады да оларға бау өткізу тапсырылады. Балаларға бау байлауды үйрету, ұсақ қол моторикасын дамыту.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Картоннан жасалған аяқ киімдер, баулар.

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балаларды шаттық шеңберіне шақыру.<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын кең ашқан,<br>Тілегіміз әділдік,<br>Ашық болсын көк аспан! | Шаттық шеңберін іс қимыл арқылы жасау |
| **Ұйымдастыру шылық-ізденістік** | -Балалар казір жылдың қай мезгілі?<br>-Күздің нешінші айы?<br>-Қазан айында қандай өзгерістер болады екен?<br>-Дұрыс айтасыңдар, балалар. Ал сендер қазір осы ауа райына сай қалай киініп жүрсіңдер?<br><br>- Ал сендер киімдеріңді өздерің кие аласыңдар ма? Ал сендер аяқ киімдеріңнің бауын байлай аласыңдар ма?<br><br>- Ендеше жақсы көңіл күймен бүгінгі оқу | -Күз<br>-Екінші айы<br>-Күн суытады, жапырақтардың барлығы дерлік түседі, тұман болады.<br><br>- Бас киім, күртеше, қалың аяқ киім.<br><br><br><br>Балалардың жауаптары |

| | | |
|---|---|---|
| | іс әрекетімізді бастайық. Бүгінгі біздер бау байлап үйренеміз.<br>Балалар баудың түсі, көлемі әртүрлі болады. Ұзын бау және қысқа бау болады. Сонымен қатар қызыл, ақ, қара түсті бау болады. Бау аяқ киімде, жейделерде байланып тұрады. Бауды аяқ киім шешіліп кетпес үшін байлап қояды. Бау жіптен жасалады.<br><br>Тосын сәт: Сайқымазақ кіреді.<br>-Сәлем,сәлем балалар мен кешігіп қалған жоқпын ба?<br>-Сайқымазақ сен мұнда не істеп жүрсің?<br>-Мен мерекеге келдім?<br>-Сайқымазақ сен жаңылысып келдің біз мұнда оқу іс әрекетін өтіп жатырмыз.<br>-Ой, кешіріңдер балалар мен мерекеге асығып бара жатырмын, шалынысып құлайды.<br>-Сайқымазақ сен мерекеге қалай барасың аяқ киімңнің бауы да байланбаған.<br>- Балалар сайқымазаққа көмектесеміз бе? Ал сендер бау байлауды белесіңдер ме?<br>- Балалар олай болса біз агент Осо - дан көмек сұрайық. (слайд арқылы мультфильмнен үзінді көрсетіледі, агент Осо бауды қалай байлатынын көрсетеді)<br>- Сайқымазақ кел, мен сенің бауыңды байлап берейін, әйтпесе тағы құлап қаларсың.<br>Сайқымазақ: Балалар сендерге рахмет сендер болмағанда мен тағы бауыма шалынысып құлар едім. Енді мен меркеге кешікпей барайын. | - Иә<br><br>- Жоқ |

| | | |
|---|---|---|
| | -Балалар кане сендер де алдарыңда тұрған аяқ киімнің бауын байлап үйреніңдер. Әйтпесе сайқымазақ сияқты шалынысып қалуларың мүмкін.<br>Балалар алдарыңда тұрған картоннан, ағаштан жасалған аяқ киімнің бауын байлайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Балалар музыка әуенімен қимыл жасайды. | |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | -Балалар бүгін біз не үйрендік?<br>-Бау неден жасалады?<br>-Баудың түсі қандай?<br>- Жарайсыңдар балалар!<br>Балаларды мадақтау. | -Бау байлап<br>-Жіптен<br>-Қызыл,ақ,қара, тағы басқа |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Баудың не үшін қажет екенін, оны байлап жүру керектігін
**Игереді:** Аяқ киімнің бауын байлауды
**Меңгереді:** Қамқорлықтың, көмектесудің маңызын.

## Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы

**Тақырыбы:** "Дәмді алма"
**Мақсаты:** Балаларды алманың суретін далаппен салуға үйрету. Дәстүрден тыс әдіспен бейне жасауға қызығушылықтарын арттыру. Көзбен мөлшерлеуді, зейінді шоғырландыруды, аңғарымдылықты және қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ақ қағаз, қызыл түсті далап, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балаларды шаттық шеңберіне шақыру.<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын кең ашқан,<br>Тілегіміз әділдік,<br>Ашық болсын көк аспан! | Шаттық шеңберін іс қимыл арқылы жасау |
| **Ұйымдастыру шылық-ізденістік** | - Балалар!Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Иә, күзде жемістер, көкөністер пісіп | -Күз |

| | | |
|---|---|---|
| | жетіледі екен, солай ма? Ендеше, қараңдаршы, мына себетте нені көріп тұрсыңдар?<br>- Дұрыс, алма. Алма қайда өседі? Жерде ме, теректе ме**?**<br>/балалар жауабы/<br>**-** Дұрыс, теректе. Балалар, бізге қонаққа қоян келген екен. Бұл соның себеті екен. Сендер алма жегілерің келе ме?<br><br>**-** Ендеше,біздер қоянға алманың суретін салып берейік. Әуелі мен сіздерге мынандай тақпақ оқып берейін:<br>Алма баққа барайық<br>Алма теріп алайық.<br>Ең үлкенін дәмдісін<br>Анамызға сыйлайық.<br>/ 2-3 рет қайталатқызады**/**<br><br>- Бүгін алманың суретін ерекше әдіспен саламыз. Аналарыңның далабымен бояйтын боламыз. Әуелі ортаға үлкен шеңбер саламыз. Сосын оны ұқыпты етіп, жан-жағына шығармай, далаппен бояймыз. /балаларға көрсетеді./ Сурет салып болған соң, мына шүберектермен қолдарымызды сүртеміз. Ендеше кірісейік.<br><br>- Ой, жарайсыңдар, балалар. Сурет салып болсаңдар, Бәріміз тұрып суреттерімізді қолдарымызға ұстап бір-бірімізге көрсетіп, суретіміз туралы әңгімелейміз.<br>- Жақсы, балалар, енді мен сіздерге қоянның себетінен алма үлестіріп берейін. /балаларға алма үлестіріліп беріледі./ | - алмалар<br><br>- Теректе<br><br>- Иә<br><br>Балалар қайталайды<br><br>Балалар жұмыстанады<br><br>Балалар суреттерін қолдарына ұстап, бір-біріне көрсетіп, бір-бірінің суретін мақтайды<br><br>Балалар риза болады |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде үйренгендерін пысықтайды. | Балалар сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жеміс түрлерін атап, оның ішінде алманың ерекшелігін;
**Игереді:** Алманың теректе өсетіндігі жөніндегі түсінікті
**Меңгереді:** Дәстүрден тыс сурет салу әдіс

## Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы

**Тақырыбы:** "Бұршақ жауды"
**Мақсаты:** Таяқшамен ноқаттарды жиі, бір-біріне жақын орналастыру арқылы бұршақты салуға үйрету. Маусымдық құбылыстар туралы ұғымдарын бекіту, ықыласты болуға тәрбиелеу.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Таяқшалар, көгілдір түсті қағаз ақ гуашь, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Жұмбақ жасыру.**<br>Бұлттар төніп, жерге төгіліп,<br>Дымқыл тұман басады.<br>Шөп сарғайып, өңі тайып,<br>Дала нұры қашады.<br>Ойнай алмай,<br>Денең мұздап тоңады.<br>Айтыңдаршы балалар,<br>Бұл қай кезде болады ? | Балалар жұмбақты шешуге тырысады.<br><br>-Күз мезгілінде. |
| **Ұйымдастыру шылық-ізденістік** | - Балалар!Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Иә, күз. Ал сендер күзде болатын ерекшеліктерді жақсы білесіңдер.<br>- Дұрыс, ал бұршақ жауатынын білеміз бе? Бұршақ деген қандай болады?<br>- Дұрыс, жаңбыр аязға қатып, ұсақ мұз | -Күз<br>- Күн суытады,жаңбыр жауады, жел тұрады<br>- Ұсақ мұз түйіршіктері |

| | | |
|---|---|---|
| | түйіршіктеріне айналып, жерге түседі екен.<br>- Ендеше балалар бүгін біз бұршақтың суретін саламыз. Бірақ оны дәстүрден тыс әдіспен бейнелейміз. Ол үшін бізге мынадай таяқшалар мен ақ бояу қажет. Алдарындағы көк фонға ноқаттар салуға арқылы бұршақты бейнелейміз. Сосын қолымызды ылғыл шүберекпен сүртеміз. Ұқыпты жұмыс жасаймыз.<br>**Сергіту сәті**<br>Кел, балақан, балақан,<br>Шапалақта алақан:<br>жай - жай - жай.<br>Қозғап барлық денені,<br>Қаттырақ соқ қолды енді:<br>сарт - сарт -сарт.<br>Айтқан кезде өлеңді,<br>Ақырын бас еденді:<br>жай - жай - жай.<br>- Ой жарайсыңдар, балалар. Суреттерің тамаша екен. Кәне бір-бірімізге көрсетейікші! | - Иә<br><br>Балалар үлгі бойынша салады<br><br>Балалар қайталайды<br><br>Балалар суреттерін қолдарына ұстап, бір-біріне көрсетіп, бір-бірінің суретін мақтайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде салып үйренгендерін пысықтайды. | Балалар жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** күз мезгіліндегі ауа райы ерекшеліктерін;
**Игереді:** бұршақ жөніндегі түсінікті
**Меңгереді:** Дәстүрден тыс сурет салу әдісін.

**Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Тақырыбы:** "Күзгі ағаш"
**Мақсаты:** Күздің түстері туралы ұғымдарын бекіту. Кепкен жапырақты бояп бастыруды, бастырма әдісі арқылы күзгі ағаштарды бейнелеуді үйрету. Шығармашылық ой-қиялдарын, қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту, ұқыптылыққа және бейнелеу өнеріне құмар болуға тәрбиелеу.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ақ қағаз, қылқалам, акварель бояуы, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері.<br>Сәндетіп даламыз,<br>Сәулетті қаламыз,<br>Сәулеңмен құлпырды,<br>Сәлем Күн – анамыз! | Балалар қайталайды |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | - Балалар! Мен сіздерге жұмбақ жасырғым келіп тұр:<br>Қыста киімін тастайды,<br>Көктемде киіне бастайды.<br>(ағаш)<br>- Дұрыс, ол ағаш екен. Ал, балалар, айта қойыңдаршы, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Дұрыс, күз мезгілі. Ал күз мезгілінде ағаштарда қандай өзгерістер болады? Мына суреттерге қарап айта қойыңдаршы.<br>- Дұрыс, жарайсыңдар, балалар, қазір күз мезгілі екен. Күз мезгілінде күн салқындайды, жеміс-жидектер, көкөністер піседі,құстар жылы жаққа ұшып кетеді, теректердегі жапырақтар түрлі түске боялады, жерге түседі екен.<br>- Ендеше, сурет салуға кірісейік. Бүгін біздер ағаштардың суретін кепкен жапырақтарды бастыру арқылы бейнелейтін боламыз. (Үлгі бойынша көрсету) | - ағаш<br><br>- күз<br><br>Балалардың жауабы |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту:**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ<br>Бесті беске қосайық<br>Қатт-қатты соғайық.<br><br>- Балалар сурет салғанда ұқыпты боламыз, бір-бірімізге бояуды шашыратпаймыз. Ендеше кірісейік.<br>- Ой, жарайсыңдар, балалар. Сурет салып болсаңдар, Бәріміз суреттерімізді бір-бірімізге көрсетеміз. | Балалар сергіту сәтін жасайды<br><br>балалар жұмыстанады<br><br>Балалар суреттерін қолдарына ұстап, бір-біріне көрсетіп, мақтайды |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагог балалардың жасаған жұмыстарын мадақтайды | Балалар өздерінің салған суреттерін тамашалайды, достарының суретімен салыстырады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Күзгі жапырақтардың ерекшеліктері жайлы қарапайым түсініктерді.
**Игереді:** Кепкен жапыраққа бояу жағып, бастыру арқылы ағаш бейнелеуді
**Меңгереді:** Табиғи материалдарды қолдануды.

**Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Тақырыбы:** "Көңілді пойыз"
**Мақсаты:** Бастырма әдісін қолданып бейне жасауды жалғастыру. Шырпы қорабы бастырмасы арқылы пойыз вагондарын бейнелету. Шығармашылық ой-қиялдарын дамыту. Бояу кепкенше тосуға дағдыландыру. Шырпы қорабын басу күшін игерту, эстетикалық талғамды тәрбиелеу.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ақ қағаз, гуашь, шүберек, шырпы қорабы.

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері. | Балалар қайталайды |

| | | |
|---|---|---|
| | Топ, топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық,<br>Жаса, жаса, алтын күн,<br>Жаса, жаса, жарқын күн! | |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | - Балалар! Сендер саяхатқа шыққанды жақсы көресіңдер ме?<br>- Ендеше біз бүгін орманға саяхатқа шығайық. Онда біз пойызбен барамыз, жарай ма?<br>Кәнекей бәріміз көзімізді жұмайық:<br>Пу-у-у-у-у-к, чик-чик-чик!<br>- Енді көзімізді ашамыз. Қараңдаршы, біз не көріп тұрмыз?<br><br>-Дұрыс айтасыңдар. Бұл қандай орман?<br>- Ия, оны қайдан байқадыңдар?<br><br>- Өте дұрыс. Саяхат ұнап жатыр ма?<br><br>-Ендеше, балабақшаға қайтатын уақыт болды. Ой балалар, біздің пойызымыз бұзылып қалыпты. Енді қайттік.<br>Балалар, біз өнерлі балалармыз ғой солай ма?<br>- Ендеше пойыздың суретін салып, сол көңілді пойызбен балабақшамызға қайтамыз ба?<br>- Бірақ біз әдеттегідей дәстүрден тыс әдіспен сурет салатын боламыз. Ол үшін бізге босаған шырпы | - иә<br><br>Балалар қайталайды<br><br>Балалар слайдты тамашалайды:<br>- орман, әдемі құстар, көл, кішкентай жануарлар<br><br>- күзгі орман<br><br>- ағаштар сап-сары, жердегі шөптер де, қураған, бәрі-бәрі алтын түстес<br><br>- Иә<br><br>- иә<br><br>- Жарайды<br>Балалар сергіту сәтін жасайды |

| | | |
|---|---|---|
| | қорапшасы қажет болады. Оған бояуды жағып, бастырма әдісімен ақ қағазға бастырамыз. (үлгі көрсетіледі)<br> - Ендеше, сурет салуға кірісейік.<br>**Сергіту:**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ<br>Бесті беске қосайық<br>Қатт-қатты соғайық.<br><br>- Ой, жарайсыңдар, балалар. Сурет салып болсаңдар, Бәріміз суреттерімізді бір-бірімізге көрсетеміз.<br>- Тамаша. Енді көңілді пойызымызға мінеміз. Көзімізді жұмамыз. Пу-у-у-у-у-к, чик-чик-чик!<br>- Енді көзімізді ашамыз. Біз балабақшадамыз.<br>- Сіздерге көңілді пойызбен саяхаттағант ұнады ма? | балалар жұмыстанады<br><br>Сергіту сәтін жасайды<br><br>Балалар суреттерін қолдарына ұстап, бір-біріне көрсетіп, мақтайды<br><br>- Иә |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагог балалардың жасаған жұмыстарын мадақтайды | Балалар өздерінің салған суреттерін тамашалайды, достарының суретімен салыстырады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Күзгі орман ерекшеліктері жайлы қарапайым түсініктерді.
**Игереді:** Шырпы қорапшасына бояу жағып, бастыру арқылы пойыз бейнелеуді
**Меңгереді:** Қиялдай алу қабілетін

**Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Тақырыбы:**"Бауырсақ"
**Мақсаты:**Бауырсақтың бейнесін картоп бастырмасы арқылы бейнелету. Ертегі кейіпкерінің көңіл-күйін жеткізе білуді үйрету. Ыждағаттылыққа тәрбиелеу.**Қолданылатын көрнекі құралдар:**Ақ қағаз, гуашь, шүберек, шырпы қорабы.

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері.<br>Топ, топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық,<br>Жаса, жаса, алтын күн,<br>Жаса, жаса, жарқын күн! | Балалар қайталайды |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | - Балалар! Сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?<br>Бауырсақ ертегісін айту.<br>Кейіпкерлерін сұрау.<br>Бауырсақтың бейнесін картоп бастырмасы арқылы бейнелету.<br>Ертегі кейіпкерінің көңіл-күйін жеткізе білуді үйрету.<br>Ыждағаттылыққа тәрбиелеу.<br>- Ендеше,сурет салуға кірісейік.<br>**Сергіту:**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ<br>Бесті беске қосайық<br>Қатт-қатты соғайық.<br><br>- Ой,жарайсыңдар,балалар.Сурет салып болсаңдар,Бәрімізсуреттерімізді бір- | - иә<br><br>- Жарайды<br>Балалар сергіту сәтін жасайды<br><br>балалар жұмыстанады<br><br>Сергіту сәтін жасайды<br><br>Балалар суреттерін |

| | | |
|---|---|---|
| | бірімізге көрсетеміз.<br>- Тамаша. | қолдарына ұстап, бір-біріне көрсетіп,мақтайды |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагог балалардың жасаған жұмыстарын мадақтайды | Балалар өздеріннің салған суреттерін тамашалайды, достарының суретімен салыстырады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**бауырсақ  жайлы қарапайым түсініктерді.
**Игереді:**картопты бастыру арқылы бауырсақбейнелеуді
**Меңгереді:**Қиялдай алу қабілетін

## Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы

**Тақырыбы:** "Ақша бұлттар"
**Мақсаты:** Ақ мақтаны бұлттың пішінін келтіре отырып жапсыруды үйрету. Желіммен ұқыпты жұмыс жасауға машықтандыру

**Қолданылатын көрнекі құралдар:**Мақта, үлгі, желім, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері.<br>Сәндетіп даламыз,<br>Сәулетті қаламыз,<br>Сәуленмен құлпырды,<br>Сәлем Күн – анамыз! | Балалар қайталайды:<br>Сәндетіп даламыз,<br>Сәулетті қаламыз,<br>Сәуленмен құлпырды,<br>Сәлем Күн – анамыз! |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Аспан әлеміне саяхат жасау.<br>Слайдтан көрсету.<br><br>Ақ мақтаны бұлттың пішінін келтіре отырып жапсыруды үйрету.<br>Желіммен ұқыпты жұмыс жасауға | Балалардың жауабы |

| | | |
|---|---|---|
| | машықтандыру<br>(Үлгі бойынша көрсету)<br>**Сергіту:**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ<br>Бесті беске қосайық<br>Қатты-қатты соғайық.<br><br>- Ой, жарайсыңдар, балалар. Ақша бұлттар бейнесін бір-бірімізге көрсетеміз. | Балалар сергіту сәтін жасайды<br><br>Балалар жұмыстанады<br><br>Балалар суреттерін қолдарына ұстап, бір-біріне көрсетіп, мақтайды |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагог балалардың жасаған жұмыстарын мадақтайды | Балалар өздерінің туындыларын тамашалайды, достарының суретімен салыстырады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ақша бұлттардың ерекшеліктері жайлы қарапайым түсініктерді.
**Игереді:** мақтаға желім жағып, жапсыру арқылы бұлтты бейнелеуді
**Меңгереді:** Табиғи материалдарды қолдануды

**Вариативті оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Тақырыбы:** "Қоңыр күз"
**Мақсаты:**Кепкен ағаш жапырақтарын жапсыру арқылы қоңыр күзді бейнелеу. Табиғи материалдармен жұмыс жасауға деген қызығушылықтарын дамыту. Желіммен ұқыпты жұмыс жасауға машықтандыру
**Қолданылатын көрнекі құралдар:**Ақ қағаз, кепкен жапырақтар, желім, қылқалам, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері.<br>Сәндетіп даламыз,<br>Сәулетті қаламыз,<br>Сәулеңмен құлпырды,<br>Сәлем Күн – анамыз! | Балалар қайталайды:<br>Сәндетіп даламыз,<br>Сәулетті қаламыз,<br>Сәулеңмен құлпырды,<br>Сәлем Күн – анамыз! |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Жұмбақ жасыру:<br>Қыста киімін тастайды,<br>Көктемде киіне бастайды.<br><br>- Дұрыс, ол ағаш екен. Ал, балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Дұрыс, күз мезгілі. Ал еске түсірейікші, күз мезгілінде ағаштарда қандай өзгерістер болады? Мына суреттерге қарап айта қойыңдаршы.<br>- Дұрыс, жарайсыңдар, балалар, қазір күз мезгілі екен. Күз мезгілінде күн салқындайды, жеміс-жидектер, көкөністер піседі,құстар жылы жаққа ұшып кетеді, теректердегі жапырақтар түрлі түске боялады, жерге түседі екен.<br>- Ендеше, біздер қоңыр күз бейнесін бейнелейміз. Ал бұл бейнені кепкен жапырақтарды жапсыру арқылы бейнелейтін боламыз. (Үлгі бойынша көрсету)<br>**Сергіту:**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ | - ағаш<br><br>- күз<br><br>Балалардың жауабы<br><br>Балалар сергіту сәтін жасайды |

| | | |
|---|---|---|
| | Бесті беске қосайық<br>Қатты-қатты соғайық.<br><br>- Балалар жапсырғанда ұқыпты боламыз, желімді дұрыс қолданамыз. Ендеше кірісейік.<br>- Ой, жарайсыңдар, балалар. Қоңыр күз бейнесін бір-бірімізге көрсетеміз. | Балалар жұмыстанады<br><br>Балалар суреттерін қолдарына ұстап, бір-біріне көрсетіп, мақтайды |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагог балалардың жасаған жұмыстарын мадақтайды | Балалар өздерінің туындыларын тамашалайды, достарының суретімен салыстырады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Күзгі жапырақтардың ерекшеліктері жайлы қарапайым түсініктерді.
**Игереді:** Кепкен жапыраққа желім жағып, жапсыру арқылы ағаш бейнелеуді
**Меңгереді:** Табиғи материалдарды қолдануды.

**Вариативтік компонент оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Тақырыбы:**"Үйшік"
**Мақсаты:**Ертегідегі үйшік бейнесін шырпымен безендіруге үйрету, бейнені ұсақ бөлшектермен толықтыру. Шығармашылық ой-қиялын дамыту.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:**Ақ қағаз, шырпылар, желім, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері.**<br>**«Менің көмекшілерім»**<br>Мынау менің жүрегім,<br>Бәрі осында басталған<br>Мынау басым ақылды,<br>Барлық істі бастаған. | Мынау менің жүрегім,<br>Бәрі осында басталған<br>Мынау басым ақылды,<br>Барлық істі бастаған. |

| | | |
|---|---|---|
| | Мынау менің оң қолым,<br>Мынау менің сол қолым<br>Барлық істі атқарған. | Мынау менің оң қолым,<br>Мынау менің сол қолым<br>Барлық істі атқарған. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Үй ішін аралап,<br>Түнде көп жортады.<br>Қаптарды жарып,<br>Мысықтан қорқады **(тышқан)**<br><br>Таңдайлары тақылдап,<br>Шулайтын кім шалшықта<br>Бірін-бірі мақұлдап **(бақа)**<br><br>Сарғұлт тартқан  түсі бар,<br>Ақсиған көп тісі бар<br>Тыным таппай жүгіріп,<br>Сілекейі шұбырып<br>Қыстау маңын ториды<br>Ауылдың өз бар иті **(қасқыр)**<br><br>Сылдырдан қорқады<br>Шошынып жортады **(қоян)**<br><br>Сайқымазақ қулығы бар,<br>Барған жерде ұрлығы бар<br>Бұл қандай аң,<br>Ұғып ал **(түлкі)**<br>- Балалар, бұл аңдардың барлығын біз қай ертегіде кездестіреміз? | - тышқан<br><br>- бақа<br><br>- қасқыр<br><br>- қоян<br><br>- түлкі<br><br>- "Үйшік" ертегісінде |

| | | |
|---|---|---|
| | **Үйшік ертегісі туралы түсінік беру.**<br>Сұрақ-жауап:<br>Үйшікті не тауып алады?<br>Оларға тағы нелер келеді?<br>Аюды олар қалай қабылдайды?<br>Достық дегеніміз не?<br>Үйшік қалай құлады?<br>**Сергіту:**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ<br>Бесті беске қосайық<br>Қатты-қатты соғайық.<br><br>- Ендеше, балалар осы үйшікті қазір шырпыдан құрастырып көрейікші.<br>(Балаларға үлгі көрсетіледі. Қиналған балаларға жеке жұмыс жүргізіледі)<br><br>**Бет перде киіп ертегіні сахналау**<br>Ертегі кейіпкерлерінің қимыл қозғалысын дұрыс сомдай білуін қадағалау. | Қойылған жұмбақтарды қызығушылықпен шешіп,сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар сергіту сәтін жасайды<br><br>Балалар жұмыстанады<br><br>Балалар жұмыстарын қолдарына ұстап, бір-біріне көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагог балалардың жасаған жұмыстарын мадақтайды<br>**Бірлік туралы мақал-мәтелдермен қорытындылау**<br>-Бірлік болмай тірлік болмас.<br>-Бірлік түбі ынтымақ. | Мақалдардың мағынасын түсінеді.Достарын бағалай білуді үйренеді.<br>Балалар өздерiннің туындыларын тамашалайды, достарының суретімен салыстырады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**Үйшік ертегісі туралы түсініктерді
**Игереді:**Ертегіні түсініп әңгімелеп, сахналауды
**Меңгереді:** Шырпыдан үйшік құрастыруды.

## Вариативтік компонент оқу қызметінің технологиялық картасы

**Тақырыбы:** "Қоян"
**Мақсаты:** Киндер ойыншығының босаған қалыбынан сылдырмақ ойыншық жасауды үйрету. Ішіне ұсақ тастарды салып, құлағы, мұрын, көздерін ермексаздан жасап, қалдық материалдардан туынды жасауға деген қызығушылықтарын арттыру.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:**Ақ қағаз, шырпылар, желім, шүберек

| Қызмет кезеңдері | Педагогтің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері.**<br>**«Менің көмекшілерім»**<br>Мынау менің жүрегім,<br>Бәрі осында басталған<br>Мынау басым ақылды,<br>Барлық істі бастаған.<br>Мынау менің оң қолым,<br>Мынау менің сол қолым<br>Барлық істі атқарған. | Мынау менің жүрегім,<br>Бәрі осында басталған<br>Мынау басым ақылды,<br>Барлық істі бастаған.<br>Мынау менің оң қолым,<br>Мынау менің сол қолым<br>Барлық істі атқарған. |
